



ПРИОЗЁРСКИЙ

18+

№ 12/656

20 марта 2020 года

Вестник

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ! С ПРАЗДНИКОМ НАУРЫЗ !

Құрметті әріптестер, қала тұрғындары және қонақтар!

Сіздерді Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – біздің төл мерекеміз. Сондықтан бұл мереке – біздің халқымыз үшін ерекше қымбат.

Наурыз мерекесінің қадір – қасиетін айтқанда, ол – ең алдымен ұлттық салт – дәстүрді сақтауға, ағайынның ауызбірлігіне қызмет етеді. Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке.

Наурыз – көктемгі жаңарудың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі.

Құрметті жерлестер!

Наурызда – Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз. Еліміз өркен жайып, Наурыз баршамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін!

Ізгі тілекпен

Қала әкімі

Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков



Уважаемые коллеги, жители и гости города!

С чувством особой радости и пожеланиями всех благ поздравляю Вас с замечательным праздником – Наурыз мейрамы.

Наурыз — праздник весеннего обновления! Пусть этот день, станет предвестником великих начинаний, посвященных дальнейшему развитию и процветанию Казахстана.

Для народа Казахстана, Наурыз мейрамы праздник означает возрождение, обновление природы.

Наурыз – это праздник весеннего обновления, добрососедства и дружбы.

Дорогие земляки!

Желаем Вам крепкого здоровья, счастья и

благополучия, мира и согласия в нашем общем доме.

Пусть наша страна процветает, Наурыз принесет всем радость и удачу!

С уважением

Акима города

Секретарь маслихата

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков

А Р М Ы С Ы Ң, Ә З - Н А У Р Ы З !

Ғаламда жүрісінен жаңылмайтын, өз уақытымен оралып отыратын бір нәрсе болса, ол – жыл маусымдары. Яғни, жаз, күз, қыс және көктем. Әр маусымның өзіне тән ерекшеліктерімен қатар, халық асыға да сағына күтетін мейрам-мерекелері. Соның ішінде жалпы халық үшін ең бір қадірлісі, кереметі ол – НАУРЫЗ мейрамы. Наурыз – жалпыхалықтың мереке. Жұртты жүдеткен қалың қар, бұрқасын-боран, бет қарыған суықтан құтылып, гүлге көмкерілген, айналаны көк жапқан, күн мен түннің теңелер сәті, қора мен қырда төрт түлік мал төлдеп, ауыздары аққа тиген шақ әсіресе қазақ халқы үшін кереметтей мейрам екені шүбәсіз. Біз де осы дағдымыздан айнымай, Наурыз мейрамын қал-қадерімізше тойлауға ниеттіміз. Дегенмен, осы күндері Қытайдан шыққан «Коронавирус» жұқпалы дертін дендеуіне байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың тапсырмасымен көп халық жиналатын шараларды, соның ішінде Наурыз мейрамын кең көлемде тойлауды шектеу мәселесі күн тәртібінде тұрғанын ескеруге тиіспіз. Құдай да «сақ болсаң сақтаймын», демекші, биылғы Наурыз мейрамы біздің қаламызда да шағын түрде аталып өтетін түрі бар. Әрине, қауіп-қатердің алдын алу үшін мұндай маңызды шараларға атүсті қарауға болмайды, біз де мұндай шараны қолдауға тиіспіз және мүлтіксіз орындаймыз. Дей тұрғанмен, газет оқырмандарын Наурыз мейрамы және көктем маусымының басталу кезеңімен таныстыра кетуді жөн көрдік. Ондағы мақсатымыз – осынау маусым туралы өскелең ұрпақ біліп, хабардар бола жүрсін деген ізгі ой.

Сонымен, қыстың маусымы шығып, үш ай тоқсанның өтісімен бірге қазақ «Амал айы» кіреді. Амалдың кіруімен қатар енетін ұтырлы күндер болатынын біз бала кезімізден ата-әжелерімізден есітіп өскендіктен, құлағымызда қалғанын жария етпекпіз. Яғни, тоқсан шыға салысымен «Аямкөмпір кіреді». Оны аталарымыз «Аямкөмпір алты күн, аязымен жеті күн,

Ақпан, Тоқпанымен (Аямкөмпірдің балалары) тоғыз күн» деп 5-наурызда шығатын тоқсанды 14-наурызға тірейтін де, сол күні тойланатын «Көрісу мейрамына» әкеліп жеткізетін. Көрісу мейрамы күнінде халық қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-бірімен қол алысады. Таң сибірлеп атысымен, көрісу мерекесін асыға күтіп отырған әрбір отбасы алдын-ала дайындалып қойған дастарқанын жаяды. Наурыз – кей білгіштердің жаңалық ашып, онысымен жұртты адастырып жүргеніндей, діни мереке емес. Бұл бағзы заманнан қалыптасқан бүкілхалықтық Жаңа жыл. Оны Орта Азия халықтары төл мерекесі ретінде



тойлайды. Алайда, «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» демекші, дәстүр өзгешелігі де орын алған. Халқымыз жаңа жылға ертеден дайындалатын. Қысқы соғымның әбден сүрленген қадірлі мүшелерін осы күні қазанға саламын деп сақтаған. Жас келіндер, бойжеткендер болса, кесте, орамал тігіп, бозбалалар жағы ағаштан тұрмыс бұйымдарын жасап, темірден сәндік бұйымдарын соққан. Мұның бәрі - күн мен түн теңесетін шақта кәдеге асатын «ұйқыашар», «селт еткізер» жоралғыларының сый-тартулары. Көктемгі «өліара» өтісімен, ата-бабамыз үй айналасын тазартып, қалың қар тігісі сөгілген жайылымға мал шығарған. «Жаңа жыл мұнтаздай таза

үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сенім бойынша, үй-ішін де қағып-сілкіп, отпен аластайды.

Қазақстанда ресми түрде Наурыз 1988-жылдан бері тойланып келеді. Бұл мейрамды жүзеге шығарған сол кездегі үлкен тұлғаның бірі Өзбекәлі Жәнібеков екендігін бүгінгі ұрпақ біле жүрулері тиіс. Бұл мерекені Шығыс елдері Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Пәкстан ерте кезден өткізеді. Бұл мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз күн мен түннің теңелген күні. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-

нен 22-не ауысқан күні болды. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады.

Наурыз – жыл басы. Парсы тілінде «нау» - «жана», «руз» - «күн» деген ұғымдарды білдіреді. Халық наурыз мерекесіне алдын-ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл – тоқшылықтың белгісі. Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. «Бұлақ көрсен, көзін аш!», «Бір тал ексең, он тал ек!», деген сөз осыдан шыққан болу керек. Наурыз – достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі. Ұлыстың ұлы

күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарқанның басты асы наурыз көже болған. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалған. «Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!» деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!», - деп бата береді. Дәстүр бойынша Наурыз айтыс өткізіледі. Бұл жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысы.

Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. «Көкпар», «Бәйге», «Қыз қуу», «Жамбы ату» ойындары аса бір қуанышпен өтетін. Көнілді өткен Наурыз күні әр адамның есінде көпке дейін сақталатын. Наурызда күн мен түн теңелуімен қатар Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады. Адамзаттың бойында қан жүгіріп, тал-теректер бүршік жарады. Қазақтың сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Самарқанның көк тасы еріп, қасиетті қара жер, қара топырақ бусанады. Ұлы даланың төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселеді. Ұлан-байтақ Қазақстанның халқы жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтап, ай бойы Ұлыстың Ұлы күнін тойлайды. Бүкіл Шығыс халқына ортақ бұл мейрамда араздасқандар татуласып, дүйім халық, мұқым ел ауыз-біршілікте болады. Ынтымағы жарасқан еліміздің осы бірлігін Құдай ұзағынан сүйіндіргей! Әрбір шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын! Мұсылман қауымына Исламның 7 байлығын тілейміз. Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын, ағайын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР журналистер Одағының мүшесі.



Абайдың туғанына 175 жыл

Цифрлық агент

АБАЙ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЗАМАН



«Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап оту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек», - деген болатын ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды. Өткен жылғы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп жеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты. Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджи биыл, ақын мерейтойы тұсында да жалғасын таппақ.

Абай мұрасының жас ұрпақтың тәрбиесіне тигізер пайдасы ұшан-теңіз. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн. Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс. Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыртуға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді. Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетпен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймай-тынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет. Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді. Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес

болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріп-телуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскеден ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз. Абайдың кейбір қарекеттері көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында. Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздейді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн. Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады. Ұлы ақын «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды». Абайдың асқан ойшылдығы оның діни талғам-танымынан да айқын көрінеді. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас», дейді. Бұл ой-тұжырымға Шығыс пен Батыс философияларының еңбектерін терең біліп, зерттеп, зерделеп барып жеткені анық. Ал отыз сегізінші қара сөзінде Аллаға деген көзқарасын толық білдіреді. Абайдың рухани өресіне баға берген дінтанушы философ ғалымдар оның «кәміл мұсылман» ұғымына ерекше назар аударады. «Кәміл мұсылман» ұғымы тек қазаққа ғана емес, бүкіл мұсылман әлеміне қатысты айтылса керек. Міне, біздің ойымыз Абай, хакім Абай – әлемдік деңгейде осы діни көзқарасы арқылы да биіктей беретін тұлға. Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуы тиіс.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

Н. ҚЫДЫРМҰРАТУҒЫ.

КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР САПАСЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында заманауи тиімді мемлекет, азаматтардың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қарқынды дамыған және инклюзивті экономика, әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі, қуатты өңір – қуатты ел деп аталатын 5 басым бағытты қамти отырып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының алғышарттарын айқындап берді.

Сонымен қатар, Президент Жолдауында мемлекеттік қызметтердің сапалы көрсетілуіне де баса назар аударды. Себебі, халыққа сапалы қызмет көрсетуі қамтамасыз ету – мемлекеттік органдар жұмысының аса маңызды бағыттарының бірі. Қызметтерді алу барысында азаматтар мемлекеттік аппараттың жұмысы туралы белгілі бір ойға келеді.

Ал халықтың мемлекетке деген сенімі еліміздің өркендеуі жолында бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету деңгейінің жақсаруы ел экономикасының және әлеуметтік дамуының көрсеткіші.

Расында, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы – мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету барлық саланы қамтитындығы, соның ішінде азамат дүниеге келген кезден бастап барлық өмір сүру кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекетпен тығыз байланыста болатындығы белгілі.

Мемлекеттік қызметтің сапасын, қолжетімділік деңгейін жақсартуда тұрғындардың арыз-шағымдарын, ұсыныстарын және сын-пікірлерін ескерудің маңызы өте зор. Осы бағытта Агенттікпен «Digital agent» (Цифрлық агент) мобильді қосымшасы іске қосылған болатын. Мобильді қосымша арқылы кез келген қызмет алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің сапасына баға беріп, өз өтініштері мен ұсыныстарын қалдыра алады.

Бүгінгі таңда қызмет алушылар Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, қала және аудандық мемлекеттік кірістер басқармаларының, еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаментімен, сондай-ақ, халықты жұмыспен қамту орталықтарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалай алады. Қазіргі уақытта мобильді қосымшаға жергілікті атқарушы органдар мен денсаулық сақтау мекемелерін тіркеу жүргізілуде.



Мемлекеттік қызметтер сапасына бүгінгі таңда мобильді қосымша арқылы 2753 бағалау түсті, оның 2557-сі (93%) оң, ал 196-сы (7%) жағымсыз бағалар. Барлық жағымсыз өтініштер толық қарастырылып, уақытылы өңделіп, олар бойынша оң шешімдер қабылданды. Жағымсыз пікірлердің басым көпшілігі Мемлекеттік корпорация филиалдарының қызметіне, оның ішінде ұзақ кезекке, қызметкерлердің біліктілігіне және т.б. қатысты түседі.

Сонымен қатар, Департамент бастамасымен тұрғындарды мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды нысанда алуын қамтамасыз ету мақсатында барлық мемлекеттік органдарда, медициналық мекемелерде, мектептерде, балабақ-шаларда, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында, кітапханаларда және т.б. жерлерде «өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштары» ұйымдастырылған болатын.

«Өз өзіне қызмет көрсету бұрышы» арқылы мемлекеттік, азаматтық және т.б. қызметшілер электронды үкімет порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді Мемкорпорацияға бармай-ақ, уақыты үнемдеп, электронды түрде қызмет алуға.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдар ішінде қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер болды. Соның ішінде, мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, мемлекетті басқарудың ұтымды үлгісі іске қосылды. Қазіргі таңда заман талабына сай мемлекеттік қызмет түрлеріне қолжетімділікті арттыруға бағытталған игі бастамалар жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы – мемлекеттік қызметшілер жұмысын тиімділігінің басты көрсеткіші болатынын және ол мемлекеттік тұтынушы ретінде халыққа тікелей бағдарлануы тиістілігін айқындап берді.

Г.Медеуова,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы


Әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҮЛҒАСЫ

Биыл елімізде Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аталып өтіледі.

Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы сол кезде дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі болған Отырарда дүниеге келді. Әл-Фарабидің ілім-білімге деген алғашқы ынтасы, ғылыми ойының алғашқы ұшқындары туған жері Отырарда, оның тамаша кітапханасында пайда болды. Кейіннен ол Шаш, Самарқан, Бұхара, Хорасан, Бағдат, Дамшык (Дамаск), Каир қалаларына барып білімін тереңдетте түсті.

Осыған орай, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, ғұлама ғалым әл-Фараби бабамыздың бай мұрасын өскелең ұрпаққа насихаттау мақсатында 2020 жылдың наурыз айында «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу бөлімінде «Ұлы даланың ұлы тұлғасы» тақырыбында тарихтанымдық сағаты өтті. Іс-шараға №2 мектептің 11 «б» сынып оқушылары және сынып жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі Давлятьярова Мария Баймуратовна



қатысты. Іс-шараның мақсаты оқушыларға Аристотельден кейінгі екінші ұстаз Әл-Фараби өмірі, еңбек жолы туралы түсінік беру болатын.

Іс-шара барысында оқушыларға ғалымның туған жері, өскелең ортасы туралы таныстырылып, еңбектері жайлы мағлұматтар берілді. «Ұлы бабаға тағзым» презентация көрсетіліп, іс-шара соңында «Шығыстың ғұлама ғалымы» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалды.

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ



ОБЪЯВЛЕНИЕ О НАЧАЛЕ ПРИЕМА ЗАЯВОК НА УЧАСТИЕ В РЕГИОНАЛЬНОМ ЭТАПЕ КОНКУРСЕ «ЕҢБЕК ЖОЛЫ»



Управление по инспекции труда Карагандинской области доводит до сведения жителей, работодателей и предпринимателей области о том, что Министерство труда и социальной защиты населения РК объявило о начале проведения конкурса «Еңбек жолы» в 2020 году.

В связи с этим в городах и районах области будут проводиться мероприятия, посвященные чествованию людей труда, трудовым династиям, достижениям соотечественников, внёсшим значительный трудовой вклад в развитие области.

В Конкурсе «Еңбек жолы» могут участвовать все работники предприятий (вне зависимости от отрасли).

Участие в региональном и республиканском этапах конкурса является бесплатным.

Конкурс проводится по 3 номинациям:

1) «Лучшая трудовая династия»

В данной номинации выбирается самая многочисленная династия с самым продолжительным трудовым стажем, имеющая наибольшее количество наград и работающих в организациях всех форм собственности.

Примечание:

Трудовая династия – группа работников одной организации, представляющая два и более поколения близких родственников одной семьи (один или оба супруга совместно с детьми или внуками), осуществляющая трудовую деятельность в настоящее время и имеющая суммарный стаж работы на данном предприятии не

менее 20 лет. Главой династии является представитель трудовой династии, ранее всех начавший трудовую деятельность.

Трудовая династия должна принимать активное участие в общественной жизни аула, района (города, области), содействовать профессиональной ориентации молодежи, пропагандировать свою профессию.

2) «Лучший молодой работник производства»

В данной номинации выбирается самый активный и трудолюбивый работник производства со стажем работы не более 5 лет;

3) «Лучший наставник работающей молодежи»

В данной номинации выбирается самый высокоэффективный наставник со стажем работы не менее 20 лет.

Прием заявок от претендентов на участие в конкурсе «Еңбек жолы» на региональном этапе до 20 апреля т.г.

Областная комиссия определяет победителей регионального этапа конкурса



«Еңбек Жолы» из числа участников конкурса до 5 мая т.г.

Для получения более подробной информации о правилах и порядке участия в конкурсе «Еңбек жолы», Вы можете получить на сайте ГУ «Управление по инспекции труда Карагандинской области» контактный телефон 8(7212)302524, сайты аппаратов акимов городов и районов Карагандинской области.

ОВП, Ки РЯ г.Приозерск

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңының 98 бабына сәйкес нотариус сотта немесе басқа құзыретті органда іс туындаған жағдайда қажетті дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

Сонымен, қолданыстағы заңнамаға сәйкес нотариус кейіннен дәлелдемелерді табыс ету мүмкін емес немесе қиын болады деп топшылауға негіз бар деп есептейтін мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сотта немесе басқа құзыретті органда іс туындаған жағдайда қажетті дәлелдемелерді қамтамасыз ету үшін шара қолданады.

Нотариус мүдделі тұлғалар өзіне өтініш жасаған кезде соттың немесе басқа құзыретті органның қарауында жатқан іс бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз

етпейді.

Аталған қағида шет мемлекеттің органдарына дәлелдемелер табыс етілетін жағдайда қолданылмайды.

Бұндай жағдайларда дәлелдемелерді табыс етуді қамтамасыз ету мүдделі тұлғалардың өтініш берген кезінде істің шет мемлекет органдарының өндірісінде екендігіне қарамастан жүргізіледі.

Мүдделі тұлға дәлелдеме бола алатындай істің мән-жайын баяндай отырып, нысан мен жағдайды көрсету арқылы нотариусқа өтініш береді, сонымен қатар сотта немесе басқа да әкімшілік органда қозғалған іс жоқ екендігін дәлелдейтін мәлімет береді.

Нотариус мүдделі тұлғадан өтініш қабылдау барысында оның өтінішіндегі қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады.

Дәлелдемелер сотта немесе басқа құзыретті органда іс қозғалғаннан кейін қамтамасыз етілген жағдайда нотариус мүдделі тұлғаға ондай табыс етудің заңнама талаптарына сәйкес күші жойылатынын түсіндіреді.

Нотариус дәлелдемелерді қамтамасыз ету мәселесін әр кезде нақты бір істің мән-жайын ескере отырып, шешеді. Нотариус дәлелдемелерді табыс ету қажеттігі туралы мәселенің мән-жайын шешу барысында

болашақта туындауы мүмкін қиындық деңгейін немесе дәлелдеу мүмкін болмауы жағдайларды анықтайды.

Дәлелдемелерді табыс етуді қамтамасыз ету негізсіз деп санаған жағдайда нотариус аталмыш нотариалдық әс-әрекетті жасаудан бастартады.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәртібі бойынша нотариус азаматтарға сауалдар қояды, құжаттар мен заттарды қарайды, қажет болған жағдайда сараптама тағайындайды.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша іс жүргізу әрекеттерін жасаған кезде нотариус Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу заңдарының нормаларын басшылыққа алады.

Нотариус тараптар мен мүдделі адамдарға дәлелдемелерді қамтамасыз ету уақыты мен орны туралы хабарлайды, бірақ олардың келмей қалуы дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекетті жасауға кедергі болып табылмайды.

Дәлелдемелерді тараптар мен мүдделі адамдардың біреуін хабардар етпей қамтамасыз ету тек кейінге қалдыруға немесе іске кейіннен кімнің қатысатынын анықтауға болмайтын жағдайларда ғана жүргізіледі.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәртібі бойынша куәгерден жауап алу барысында

Нотариус кеңесі

нотариус хаттама жасайды, оған тергелуші қол қояды, жауап алу барысында қатысушылар мен нотариус қол қояды.

Жазбаша түрдегі және заттай дәлелдемелер тексеріп қарау арқылы қамтамасыз етіледі. Тексеріп қарау нотариусқа жеткізілуі мүмкін емес дәлелдеме табылған орында жүргізіледі. Байқау сараптамамен бірге іске асырылуы мүмкін, ол үшін ғылым, техника, өнер, т.б. салаларда арнайы дүниетанымды қажет ететін сұрақтарды түсіндіру мақсатында сарапшы шақырылады. Сараптама нәтижесі туралы қатысушылар мен нотариустың қолы қойылып хаттама жасалады, сарапшы қорытындысына сарапшының қолы қойылады.

Дәлелдемелерді табыс ету бойынша іс соңында мүдделі тұлғаға дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәртібіне сай жасалған әр құжаттың бір данасы беріледі, бір данасы нотариалдық органда қалдырады.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы өтініш бойынша шағымданған мүдделі тұлға сарапшыға ақы төлейді және т.б. аталмыш іс-әрекетті жасауға байланысты шығындарды өтейді.

С.С.Карабеков, Приозерск қаласының жеке нотариусы

Дүрліккен дүние

Жыл басынан бері барша әлемнің назарына Қытайға ауды. Күн сайын аспан асты елінде 2019-нCoV жаңа коронавирусын жұқтырғандар саны артып келеді. Ғалымдардың айтуынша, коронавирус алғашқы белгілері пайда болмай тұрып адамнан адамға жұға береді. Бұл аурудың алдын алуға үлкен кедергі келтіріп тұр. Әзірге коронавирустың жаңа түрі неден және қалай пайда болғаны туралы нақты ақпарат жоқ. Осыған байланысты еліміз Президенті Қ.Тоқаев арнайы бұйрық шығарып, адамдар көп жиналатын шараларды, той-томалақ пен мерекелі шараларды шектеуді тапсырды. Бұл ісшараны қала әкімдігі де қолдап, қаладағы мұндай ісшараларды тоқтата тұруға тапсырма берді және мұны қала тұрғындары қолдады. Меткеп оқушылары бір айлық демалысқа жібергені де белгілі. Бұл шаралар жұқпалы дерттің алдын алуға бағытталған. Осы орайда газет оқырмандарына аталған ауру туралы кеңірек мағлұмат бере кетуді жосн көрдік.

Коронавирус инфекциясы – жұқпалы аурулардың басым аеногенді механизмі бар өткір инфекциялық патология, РНК бар коронавирус туындаған. Коронавирустарға тән – жоғарғы тыныс жолдарының зақымдануы, жиі емес – ішек пен асқазан. Клиникалық түрде инфекция қалыпты безгегімен және интоксикация симптоммен көрінеді. Патологиялық процестің диагностикасы сарысуадағы патогенге вирус пен антиденелерді

КОРОНАВИРУС ҚАНДАЙ ДЕРТ?

анықтауды қамтиды. Емдеуге этиотропты вирусқа қарсы препараттар мен симптоматикалық терапия кіреді (шабуылшы, шабуылшы, жергілікті вазоконстриктор және т.б.). Коронавирус инфекциясы – өткір вирустық ауру, әуедегі. Нозология алғаш рет 1965-жылы сипатталған. өткір ринитпен ауыратын науқас үшін, 1975-жылы. Корона-вирдің өзі оқшауланған. Қазір осы вирустың отбасы 30-дан астам түрді қамтиды, олар барлық жерде, үнемі жаңарып отырады: 2015-жылы Оңтүстік Кореяда Таяу Шығыс коронавирусі болды (MERS).

Коронавирус инфекциясының себептері. Себептері – РНК бар коронавирустардың отбасы. Отбасы құрамында жұқпалы агенттердің үш тобы бар, адамдар үшін қауіпті: адам коронавирусы 229 E, адамның ОС-43 вирусына және адамның ішек коронавирустарына қатысты. Вирустың жаңа түрінің пайда болуының себебі (патогенді SARS) риясыз мутацияны қарастырды. Инфекция агентінің көзі — науқас адам (немесе тасымалдаушы), беру жолдары – әуедегі және әлдеқайда аз – байланыс-үй шаруашылығы, коронавируспен ластанған ойыншықтар арқылы сатылады, тұрмыстық заттар. Қауіпті факторлар — балалар, иммунитетті төмендету және халықтың үлкен концентрациясы нашар желдетілетін жерлерде ұзақ уақыт болу. Қоздырғыш агент қоршаған ортада тұрақсыз, қалыпты мөлшерде дезинфекциялаушы заттардың әсерінен өледі, ультра-

күлгін және жоғары температура. SARS байланысты коронавирус денеден тыс тұрақты және қоршаған ортаға 4 күнге дейін сақталуы мүмкін. Атипальды коронавирус пневмониясымен ауыратын топтар балалар болып табылады, АКТҚ-жұқтырғандар, ауыр созылмалы аурулары бар қарттар мен науқастар (жеңілді жеңілдетеді, қант диабеті, онкологиялық процестер), коммуналдық пәтерлердің тұрғындары, жатақханалар, казармалар, казармалар, сондай-ақ медициналық және қызмет көрсетуші персонал.

Патогенез. Коронавирус инфекциясының патогенезі жақсы түсініксіз. Жоғарғы тыныс жолдарын енгізгеннен кейін коронавирустар насо және орофарингтің эпителий жасушаларын колонизациялайды, белсенді түрде көбейтініз, Эпителиалдық жасушаларды бұзады. Дененің иммундық реактивтілігінің жеткіліксіз болған кезде коронавирустар альвеолярлық эпителий жасушаларына еніп кетеді, цитоплазмасында репликация патогенді болып табылады. Экзозитоз арқылы дайындалған вироидар жасушаның сыртқы мембранасында орналасқан, бұл эпителий жасушаларының синтездің пайда болуына ықпал етеді. Кейіннен өкпенің ұлпасына шамадан тыс сұйықтық пен ақуыз тиеді, беттік активті массивтерді жою және альвеолдың құлдырауы газ алмасудың күрт төмендеуі. Қалпына келтіру кезінде өкпе тінінің зардап шеккен аймақтары қосылыммен ауыстырылады.

Ауру түріне байланысты иммунитет, төзімді.

Коронавирус инфекциясының белгілері. Инкубациялық кезең — 2-3 күн. Аурудың өткір басталуы, ұлттану белгілері (әлсіздік, бас ауруы, себелсіз шаршау) жұмсақ. Дене температурасы өте сирек кездеседі, көбінесе 38-тен аспайды°C. Коронавирустық инфекцияның негізгі көрінісі — мұрыннан ағып кетіп, ашық судың кетуі, ринореяның шамадан тыс табиғатына ауысады. Күрделі мұрын тынысы және иіс сезімінің төмендеуі тән. Балалар мен әлсіреген тұлғалар тозады, жұлдыру, ауыз қуысы жоқ өрескел жөтел және жатыр мойны лимфа түйіндерінің кеңеюі. Коронавирустар тек ас қорыту жүйесіне зақым келтіруі мүмкін, ашкөздік, құсу, іштің ауыруы (негізінен эпигастрий) және сұйық сулы табуреткәлар.

Гастроэнтерит әдеттегідей жақсы жүреді, дегидратациясыз дамымаған, бірақ нәрестелердің ас қорыту жүйесінің коронавирус инфекциясы болған жағдайда, экзикозға жедел прогрессия мүмкін. SARS белгілері суықтың болмауы, жоғары температура (39-дан астам°C), құрғақ жөтелге толқу және тыныс алудың прогрессивті қысымы; Кейбір жағдайларда ересектердің тыныс алу бұзылысы синдромы дамиды, ауыр тыныс жетіспеушілігіне алып келеді.

Асқынулар. Өз уақытында емделу және ерте емдеу кезінде коронавирустық инфекция жақсы. Ең жиі кездесетін асқыну —

(соңы 4 бет.)

КОРОНАВИРУС ҚАНДАЙ ДЕРТ?

(соңы басы 3 бет.)

қайталама қабынуды қосу (көбінесе бактериялық табиғат) синуситтің дамуы, тонзиллит, отит, бронхит және пневмония. Тыныс алу жолдарының прогрессивті сәтсіздікке байланысты SARS асқынулары пайда болғанда. Олардың ең қатал – өкпе эмболиясы, миокардит, перикардит, спонтанды пневмоторакс, жүрек жеткіліксіздігі және жүрек аритмиялары. Склерозмен ауыратын науқастарда ми асқазан сұйығында коронавирустарды анықтау туралы куәліктер бар.

Диагностика. Егер коронавирус инфекциясы күдікті болса, жұқпалы аурулар бойынша маманның кеңес беруі міндетті болып табылады, оториноларинголог және терапевт, пульмонолог – өкпе зақымдану белгілері пайда болғаннан кейін, гастроэнтеролог – гастроэнтериттің қатысуымен. Нозологияның диагностикасы зертханалық және аспаптық әдістермен жүзеге асырылады, соның ішінде:

Клиникалық және биохимиялық қан анализі. Жалпы алғанда, лейкопенияға қан сынағы байқалады, лимфоцитопения және тромбоцитопения, анемия, ESR жеделдету. Екінші бактериялық флораны ұстағанда лейкоцитоз пайда болады. Биохимиялық көрсеткіштер АСТ-нің белсенділігін көрсетеді, ALT, креатин фосфокиназа, жалпы

протеин мен гипоальбуминемияны азайтады, сирек — гипоглобулинемия.

Жұқпалы агенттерді анықтау. Патогенді мұрын ағысынан ажырату, балшық, сумен жуыңыз, құсу, ПТР көмегімен науқастың сұйық табанынан аурудың алғашқы күнінен бастап мүмкін. Динамикада (науқасты бастапқы емдеу кезінде және 2 аптадан кейін) қан ELISA коронавирусына қарсы антиденелердің болуы үшін жасалады. Диагностды растау үшін антидене титрінің минималды өсуі – қосарланған. Ең ақпаратты анықтатын ELISA бірінші клиникалық көріністен кейін 10 немесе одан да көп күн өткенде болады. Дифференциалды диагностикалық мақсатында фекалийлер мен копрограммаларды бактериологиялық зерттеу жүргізіледі.

Радиология диагностикасы. Пневмония белгілері пайда болған кезде кеуде радиографиясы жасалады, аз пайдаланылатын мультиспиральды компьютерлік томография (ұқсас патологияларды болдырмау). Рентгендік суретті әдетте бір жақты интерстициальды зақымдануы немесе екі жақты фокалды байланысқан пневмониямен сипатталады.

Дифференциалды диагноз басқа өткір респираторлы вирустық инфекциялармен жүргізіледі, тұмау, Q безгегі, пневмоцитоз, туберкулез, легионеллез, орнитоз,

микоплазмоз, бактериялық ринофарингит, бронхит және пневмония. Бұл патологияны вирустық диареядан ажыратуға болады, сальмонеллез, тағамдық токсикоинфекция, дизентерия, энтеровирусты инфекция.

Коронавирустық инфекцияны емдеу. Күрделі емес терапия амбулаториялық емдеуді қамтиды. Басқалармен байланыс шектеу ұсынылады, егер мүмкін болса, науқасты бөлек бөлмеде оқшаулаңыз, күнделікті дымқыл тазалауды және бөлменің ағылуын қамтамасыз етеді. Арнайы диета әзірленбеген; қолайлы жарық болуы керек, бірақ қоректік тағамдар, қуырылғанды жойыңыз, май, алкоголь, жиі фракциялық азықтандыруға және сұйықтықтың тұтынуы артық болуы арналған, бөлме температурасында негізінен қайнатылған су. Емдеу этиотропты қамтиды (ribavirin, интерферонды дәрілер) және симптоматикалық терапия (вазоконстрикторды мұрын тамшылары, артқы фарингаль қабырғасын суару үшін шприцтер мен ерітінділерді қолдану, шабуылшы, кептіргіштер; гастроэнтерит кезінде ауызша аймақтандыру және сорбенттер үшін ұсынылған шешімдер).

Антибиотиктерді клиникалық көріністер мен бактериологиялық растамасыз қолдану ұсынылмайды. Коронавирустық аурудың асқынуы болған жағдайда, кең ауқымды әрекет ететін препараттарға артықшылық

беріледі.

7-10 күн ішінде асқыну болмаған жағдайда, толық қалпына келеді. Адамдардың коронавирусына табиғи сезімталдығы төмен, инфекция ұзақ уақыт тығыз байланыста болады (көбінесе күнделікті өмірде). Өкпе тініне қатты зақым келгенде (SARS) өлім 20-38-ке жетеді % істер. ЖЖЖ бар адамдардан, аурудың соңғы кезеңдерінде немесе 45 жастан асқан аурулармен ауруханаларға жіберілді, өлім орташа алғанда 9 есеге артады, 5%. Өкпенің талшықты өзгеруі созылмалы респираторлық жетіспеушіліктің әрі тұрақты жүрек ақауларының дамуына себеп болуы мүмкін. Коронавирус инфекциясының нақты алдын-алу құралдары (вакциналар) әзірленбеген. Ауруды болдырмау үшін салауатты өмір салты ұсынылады, температура, мүмкін жаттығу және теңгерімді тамақтану. Маңызды әдістер – бір реттік медициналық масқалардың суық мезгілде қолданылуы, жабық бөлмелерде бұқаралық іс-шараларды өткізбеу, қоғамдық көліктерге саяхат, күнделікті ауа ылғалдылығы және ылғалды тазалау.

Деніміз сау, басымыз аман болу үшін өзіміздің және қоғамның қауіпсіздігін сақтауды естен шығармайық, ағайын!

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР

2019-2021 жылдарға арналған әскери қалашықтар мен әскери қызметшілердің ықшамды тұрғылықты жерлерінде құқық бұзушылықтар болдырмау, қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті сақтауға бағытталған бірлескен іс-шараларды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция бөлімдері арасында ынтымақтастықты ұйымдастыру үшін, Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің әскери полиция бөлімшесінің жеке құрамы және Приозерск қалалық ПБ қызметкерлерімен бірлесіп, Приозерск қаласында орналасқан ойын-сауық орталықтарымен қоғамдық орындарда барлық санаттағы әскери қызметшілердің арасында әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында, профилактикалық рейдтік іс-шаралар жүргізілді, рейдтік іс-шаралар



Бірлескен рейд

барысында әкімшілік құқық бұзушылыққа қатысты «Ескертпе парақтары» таратылып, әрбір әскери қызметшімен жеке сұхбат өткізілді.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы бас басқармасы бастығының 2019 жылға арналған әскери тәртіп пен құқық тәртібін нығайту бойынша «Армияда қылмысқа орын жоқ» бағдарламасын іске асыруды және Елбасымыздың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы жолдауында көрсетілген «Тәртіпсіздікке нөлдік төзімділік» принципін іске асырумен, алға қойған міндет-жоспарларын жүзеге асыру үшін, бізде әрдайым Мемлекетіміздің өркендеуіне ат салысып, өз үлесімізді қосамыз.

Сонымен қатар, барлық санаттағы әскери қызметшілер тәртіпке және құқық бұзушылықпен бірге күресуге шақырылды.

А. Жаманбаев,
Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімі әскери полиция бөлімшесінің сержанты - патруль бастығы
3-сыныпты сержант

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ

Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізілуіне байланысты және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылдың 14 наурыздағы № 63 бұйрығына сәйкес 2020 жылдың 15 сәуіріне дейін карантинге жабылады.

Осы уақыт аралығында біздің: сайтымыздағы электронды ресурстарды және онлайн қызметтерді пайдалануды, сондай-ақ кітапхананың әлеуметтік желілеріндегі пайдалы ақпараттармен танысуды ұсынамыз.

Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз!

Байланыс телефоны: 8(71039)54866, 8(71039)52541

Электронды пошта: prio.biblioteka@mail.ru

Уважаемые читатели!

В связи с введением чрезвычайного положения в стране и на основании приказа № 63 Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 14 марта 2020 года библиотека закрыта на карантин до 15 апреля 2020 года.

Мы предлагаем Вам в этот период обращаться к электронным ресурсам нашего сайта: и онлайн-услугам на нашем сайте, а также знакомится с полезной информации на страницах библиотеки в социальных сетях.

Приносим свои извинения за временные неудобства!

Контактный тел.: 8(71039)5-48-66, 8(71039)5-25-41

Электронная почта: prio.biblioteka@mail.ru

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЙБІР ШЕШІМДЕРІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

Шешімнің жобасын <http://maslikhat-priozersk.gov.kz> сайтынан көре аласыз.

О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМИ СИЛУ НЕКОТОРЫХ РЕШЕНИЙ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

Проект решения можно посмотреть на сайте <http://maslikhat-priozersk.gov.kz>.

ОБЪЯВЛЕНИЕ * НЕДВИЖИМОСТЬ * ОБЪЯВЛЕНИЕ

ПРОДАЮ ДОМ

Цена– 9 000 000 тенге. Возможен торг.

г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2.

Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.

Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 12/656. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел. +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041